

**ОРЫСША-ҚАЗАҚША
ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ
АНЫҚТАМАЛЫҚ
СӨЗДІК**
(ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫ)

4

**РУССКО-КАЗАХСКИЙ
ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКИЙ
СЛОВАРЬ-СПРАВОЧНИК**
(ОХРАНА ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ)

Алматы
2009

УДК 504 (038)
ББК 20.18я2
О-74

**Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының
тапсырысымен дайындалған**

Редакция алқасы:

Сейдуманов С.Т. - Алматы қаласы әкімінің орынбасары, социология ғылымдарының докторы, төраға
Матыжанов К.І. - Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының бастығы, филология ғылымдарының докторы, бас редактор
Қайсенов Ж.М. - Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасы бастығының орынбасары
Қалабай Ө. - Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының бөлім бастығы
Қалымбет Б. - жауапты редактор
Қапалбеков Б.С. - филология ғылымдарының кандидаты, жауапты шығарушы

Пікір жазғандар:

Құрманбайұлы Ш. - филология ғылымдарының докторы, профессор
Егіншібаева Н.Ә. - филология ғылымдарының кандидаты, доцент

О 74 **Орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздік -4 (қоршаған ортаны қорғау саласы) / Русско-казахский терминологический словарь-справочник -4 (охрана окружающей среды).** 4-кітап. / Құраст.: С.Құлманов. – Алматы: "Мемлекеттік тілді дамыту орталығы" ЖШС, 2009. –328 - бет.

ISBN 978-601-7206-07-9

Сөздікте қоршаған ортаны қорғау саласына қатысты терминдер мен атаулардың, сөз тіркестерінің орысша-қазақша түсіндірмесі берілген.

Сөздік қоршаған ортаны қорғау саласының қызметкерлеріне, оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына, аудармашыларға ресми қызмет бабында және осы салаға қызығушылық танытқан көпшілік қауымға арналған.

Настоящий словарь содержит русско-казахское толкование терминов и названий, словосочетаний, относящихся к сфере охраны окружающей среды.

Словарь предназначен для сотрудников сферы охраны окружающей среды, студентов и преподавателей учебных заведений, переводчиков в их профессиональной деятельности, и всех проявляющих интерес к терминологии данной отрасли.

УДК 504 (038)
ББК 20.18я2

О $\frac{4602030000}{00(05)-09}$

© Алматы қаласының Тілдерді дамыту басқармасы, 2009

© Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2009

ISBN 978-601-7206-07-9

АЛҒЫ СӨЗ

Бүгінгі таңда адамзат баласының алдында тұрған әлеуметтік-экологиялық мәселелердің бірі қоршаған табиғи ортаны қорғау, сақтау және оны болашақ ұрпаққа салауатты күйінде жеткізу болып отыр. Табиғатты қорғау барша адамзатқа тән әлемдік мәселе десек те оның қоғам өмірімен, ондағы қалыптасқан әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланысты болатындығы анық. Ғасырлар бойы табиғатпен үйлесімді тіршілік еткен халқымыз оны аялау, қорғау жөнінде мыңдаған тілдік бірліктер қалдырды. Кеңестік дәуірде халықтың сөз жасау, термин жасау шығармашылығы күрт тоқтағандықтан қазіргі осы саладағы ғылыми қазақ тілі өз деңгейінде қызмет етіп отыр деу қиын. Өйткені аталмыш салаға қатысты терминдер мен ұғымдар негізінен әлі де шет тілдерден еніп отыр. Осы орайда Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының тапсырысымен "Мемлекеттік тілді дамыту орталығы" әзірлеген "Орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздік (қоршаған ортаны қорғау саласы)" атты еңбек төмендегідей мақсаттарды көздейді:

біріншіден, ғылыми қазақ тілін қалыптастыруға өзіндік үлес қосып, экология, табиғатты пайдалану және қорғау, география және геодезия, жер қойнауын пайдалану, су, орман, өсімдіктер, жануарлар дүниесін қорғау сияқты салалардың терминдерін тұрақтандырып, терминологиялық жүйесін қалыптастыруға септігін тигізу;

екіншіден, аталмыш сала қызметкерлеріне, аудармашыларына сол салаға қатысты терминдердің орысша-қазақша түсініктемесін меңгерту және ресми қызмет бабында және көпшілік қауымға күнделікті жұмыс барысында пайдалануына жағдай жасау;

үшіншіден, осы салада қызмет ететін аудармашылар мен іс жүргізушілердің жұмысын жеңілдету;

төртіншіден, оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына, осы салада сабақ беретін мемлекеттік тілді оқытушыларға қосымша оқу құралы ретінде ұсыну.

Сөздікте қоршаған ортаны қорғау саласының терминдері мен атауларының, сөз тіркестерінің орыс және қазақ тілдеріндегі түсіндірмесі әліпби тәртібімен қатар берілді және Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен терминдер негізге алынып, осы салаға қатысты кейбір сөздіктерге, заңнамалық актілерге сүйенілді. Мұндай тәжірибе сөздіктің ғылыми-практикалық құндылығын арттыра түсіп, аталған санаттағы пайдаланушылардың қажетін қанағаттандыра алады деген ойдамыз.

ПРЕДИСЛОВИЕ

Одной из социально-экологических проблем, стоящих сегодня перед человечеством, является защита окружающей среды, сохранение и возможность передать ее будущим поколениям в здоровом виде. Охрана окружающей среды, хотя и является всеобщей проблемой, стоящей перед всем человечеством, все же она тесно связана с жизнью общества, со сложившимися в обществе социальными условиями. Наш народ, на протяжении веков, существовавший в гармонии с природой, создал тысячи языковых единиц, относящихся к сфере защиты и охраны природы. Так как в советский период было значительно утрачено словообразовательное и терминологическое творчество народа, следовательно сегодня трудно сказать, что научный казахский язык достаточно развит в этом плане. Потому что термины и понятия данной сферы до сих пор имеют иностранное происхождение. В этой связи разработанный "Центром развития государственного языка" по заказу Управления по развитию языков города Алматы "Русско-казахский терминологический словарь-справочник (охрана окружающей среды)" решает следующие проблемы:

во-первых, внести определенный вклад в формирование казахского научного языка, оказание содействия утверждению терминов и созданию терминологической системы в области экологии, охраны и пользования природой, географии и геодезии, недропользования, охраны воды, лесного массива, растительности и животного мира;

во-вторых, освоение русско-казахских значений терминов служащими и переводчиками вышеназванной сферы, и применение этих знаний в официальной деятельности, а также использование широким кругом населения в повседневной деятельности;

в-третьих, облегчение труда переводчиков и делопроизводителей, работающих в этой сфере;

в-четвертых, предоставление в качестве дополнительного учебного пособия студентам, преподавателям учебных заведений и преподавателям государственного языка.

В словаре в алфавитном порядке параллельно приведены русско-казахские значения терминов, понятий и словосочетаний, относящихся к сфере охраны окружающей среды, где за основу взяты термины, утвержденные Государственной терминологической комиссией со ссылкой на некоторые словари по данной тематике и законодательные акты. Подобная практика повышает научно-практическую значимость словаря и может в полной мере удовлетворить потребности вышеназванной категории пользователей.

А

АБИОТИЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ – факторы, относящиеся к неживой природе.

АВАРИЙНАЯ ОБСТАНОВКА – совокупность факторов и условий, сложившихся в результате произошедшей аварии на стационарном объекте, на транспорте или в населенном пункте.

АВАРИЙНАЯ СРЕДА – среда, образованная действием разрушительных сил (факторов) на объекты в зоне чрезвычайной ситуаций.

АВАРИЙНОЕ ЗАГРЯЗНЕНИЕ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ – внезапное непреднамеренное загрязнение окружающей среды, вызванное аварией, происшедшей при осуществлении экологически опасных видов хозяйственной и иной деятельности физических и (или) юридических лиц, и являющее собой выброс в атмосферу и (или) сброс вредных веществ в воду или рассредоточение твердых, жидких или газообразных загрязняющих веществ на участке земной поверхности, в недрах или образование запахов, шумов, вибра-

АБИОТИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР – өлі табиғатқа қатысты факторлар.

АВАРИЯЛЫҚ АХУАЛ – стационарлық объектіде, көлікте немесе елді мекенде болған авариялар салдарынан қалыптасқан факторлар мен жағдайлардың жиынтығы.

АВАРИЯЛЫҚ ОРТА – қиратушы күштердің (факторлардың) төтенше жағдайлар аймағындағы объектілерге әсер етуінен пайда болған орта.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ АВАРИЯЛЫҚ ЛАСТАНУЫ – жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметінің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыруы кезінде болған авариядан туындаған және зиянды заттектерді атмосфераға шығару және (немесе) суға ағызу салдары немесе жербеті учаскесінде, жер қойнауында қатты, сұйық немесе газ түріндегі ластағыш заттектердің жайылуы немесе иістің, шудың, тербелістің, радиацияның пайда болуы немесе сол уақыттағы жол берілетін деңгейден асатын

ции, радиации, или электромагнитное, температурное, световое или иное физическое, химическое, биологическое вредное воздействие, превышающее для данного времени допустимый уровень.

АВАРИЙНО-СПАСАТЕЛЬНАЯ СЛУЖБА – совокупность органов управления, сил и средств, предназначенных для решения задач по предупреждению и ликвидации чрезвычайных ситуаций, функционально объединенных в единую систему, основу которой составляют аварийно-спасательные формирования, структурно включающие в себя спасателей-исполнителей, выполняющих аварийно-спасательные и неотложные работы, спасателей-руководителей этих работ – младшего, среднего и высшего состава, и вспомогательные службы технического обеспечения этих работ.

АВАРИЙНО-СПАСАТЕЛЬНОЕ ФОРМИРОВАНИЕ – самостоятельная или входящая в состав аварийно-спасательной службы структура, предназ-

электромагниттік, температуралық әсер ету, жарықтың әсері немесе өзге де физикалық, химиялық, биологиялық зиянды әсер ету арқылы қоршаған ортаны кенеттен абайсызда ластауы.

АВАРИЯЛЫҚ-ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТІ – негізін өзіне құрылымдық жағынан авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды орындайтын атқарушы-құтқарушыларды, кіші, орта және жоғары құрамдағы осы жұмысты басқарушы-құтқарушыларды және осы жұмысты техникалық жағынан қамтамасыз ететін көмекші қызметтерді қамтитын авариялық-құтқару құрамалары құрайтын, қызмет міндеттері жағынан біртұтас жүйеге біріктірілген, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі міндеттерді шешуге арналған басқару органдарының, күштер мен құралдардың жиынтығы.

АВАРИЯЛЫҚ-ҚҰТҚАРУ ҚҰРАМАСЫ – негізін арнаулы техникамен, жабдықтармен, жарақтармен, аспаптармен, материалдармен жарақтанды-

наченная для проведения спасательных и неотложных работ, основу которой составляют подразделения спасателей, оснащенные специальной техникой, оборудованием, снаряжением, инструментами и материалами.

АВАРИЙНО-СПАСАТЕЛЬНЫЕ СИЛЫ – составная часть сил и средств Министерства Чрезвычайных ситуаций, находящаяся на дежурстве и предназначенная для быстрого прибытия и проведения в минимально возможный срок неотложных работ в зонах чрезвычайных ситуаций как на территории Республики Казахстан, так и за рубежом.

АВАРИЙНО-СПАСАТЕЛЬНЫЕ СРЕДСТВА – техническая, научно-техническая и интеллектуальная продукция, в том числе специализированные средства связи и управления, техника, оборудование, снаряжение, имущество и материалы, методические, видео-, кино-, фотоматериалы по технологии спасательных и неотложных работ, а также программные базы данных для электронных вычислительных машин и

рылған құтқарушылар бөлімшелері құрайтын, құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге арналған дербес немесе авариялық-құтқару қызметінің құрамына енетін құрылым.

АВАРИЯЛЫҚ-ҚҰТҚАРУ КҮШТЕРІ – кезекшілікте тұратын және Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ шетелдерде төтенше жағдайлар аймақтарына тез жетуге және шұғыл жұмыстарды ең қысқа деген мерзімде атқаруға арналған Төтенше жағдайлар министрлігінің күштері мен құралдарының құрамдас бөлігі.

АВАРИЯЛЫҚ-ҚҰТҚАРУ ҚҰРАЛДАРЫ – техникалық, ғылыми-техникалық және зияткерлік өнім, оның ішінде байланыс пен басқарудың арнайы құралдары, құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстар технологиясы бойынша техника, жабдықтар, жарактар, мүлік пен материалдар, әдістемелік, бейне-кино-фотоматериалдар, сондай-ақ электронды есептеу машиналарына арналған бағдарламалық деректер базасы

иные средства, предназначенные для проведения спасательных и неотложных работ.

АВАРИЙНО ХИМИЧЕСКИ ОПАСНОЕ ВЕЩЕСТВО – опасное химическое вещество, применяемое в промышленности и сельском хозяйстве.

АВАРИЯ – разрушение зданий, сооружений и (или) технических устройств, применяемых на опасном производственном объекте, неконтролируемые взрыв и (или) выброс опасных веществ.

АВАРИЯ, БИОЛОГИЧЕСКАЯ – авария, сопровождающаяся распространением опасных биологических веществ в количествах, создающих угрозу жизни и здоровью людей, животных и растений, наносящих ущерб окружающей природной среде.

АВАРИЯ, ХИМИЧЕСКАЯ – авария на химически опасном объекте, сопровождающаяся проливом или выбросом опасных химических веществ, способная привести к гибели или химическому заражению людей, продовольствия, пищево-

және құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге арналған өзге де құралдар.

АВАРИЯЛЫҚ ХИМИЯЛЫҚ ҚАУІПТІ ЗАТТЕК – өнеркәсіпте және ауылшаруашылығында қолданылатын қауіпті химиялық заттек.

АВАРИЯ – ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылыстардың бүлінуі, бақыланбайтын жарылыс және (немесе) қауіпті заттектердің шығарындысы.

БИОЛОГИЯЛЫҚ АВАРИЯ – қауіпті биологиялық заттектердің адамдардың өмірі мен денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктерге қауіп төндіретін, қоршаған табиғи ортаға зиян келтіретін мөлшерде таралуынан болатын авария.

ХИМИЯЛЫҚ АВАРИЯ – қауіпті химиялық заттек төгумен немесе тастаумен қатар жүретін химиялық қауіпті объектіде болатын апат. Ол адамдарға, азық-түлік пен шикізаттарға, ауылшаруашылық жануарлары мен өсімдіктерге

го сырья и кормов, сельскохозяйственных животных и растений или к химическому заражению окружающей природной среды.

АВИАХИМИЧЕСКИЙ МЕТОД ЗАЩИТЫ РАСТЕНИЙ – авиопыление сельскохозяйственных или лесных культур пестицидами с целью химической защиты растений от вредителей и болезней. Основной недостаток данного метода состоит в потенциальной опасности нанесения экологического ущерба прилегающим территориям при нарушении технологии авиопыления.

АВИФАУНА (от лат. avis – птица и фауна) – совокупность птиц, постоянно, сезонно или случайно живущих на данной территории или живших в течение какого-либо отрезка времени в истории Земли.

АВТОГЕНЕЗ (от "авто" и "генез") – концепция, согласно которой эволюция организмов происходит без существенного воздействия среды и обусловлена преимущественно их внутренними силами.

қауіп туғызуы немесе химиялық заттармен уландыруы мүмкін. Сондай-ақ, қоршаған табиғи ортаны химиялық заттармен уландыруы мүмкін.

ӨСІМДІКТЕРДІ ҚОРҒАУДЫҢ АВИАХИМИЯЛЫҚ ӘДІСІ – ауылшаруашылық және орман дақылдарын аурулар мен зиянкестерден химиялық қорғау мақсатында пестицидтермен авиатозандау. Бұл әдістің негізгі кемшілігі – авиатозандау технологиясын сақтамаған жағдайда көрші аумақтарға экологиялық залал келтіру ықтималдылығы.

АВИФАУНА (латын тілінен – avis – құс және фауна) – белгілі бір территорияда тұрақты, маусымды не кездейсоқ мекендейтін немесе Жер тарихында қандай да бір уақыт аралығында мекендеген құстардың жиынтығы.

АВТОГЕНЕЗ ("авто" және "генез") – организмдер эволюциясы ортаның айтарлықтай әсерінсіз-ақ жүреді және негізінен олардың ішкі күшқуатына байланысты деп санайтын концепция.

АВТОМАТИЗИРОВАННАЯ СИСТЕМА КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА ВОДЫ – система автоматизированного сбора, обработки и предоставления информации о качестве воды в конкретном объекте или производственно-технической системе. При этом обеспечиваются постоянный контроль за качеством воды и оперативная информация об отклонении от установленных нормативов показателей качества воды.

АГРОАССОЦИАЦИЯ – сообщество культурных растений (агроценозов) с одинаковым составом и сходными экологическими условиями.

АГРОТЕХНИЧЕСКИЕ МЕТОДЫ ЗАЩИТЫ РАСТЕНИЙ – система агротехнических мероприятий по уничтожению или подавлению развития в агробиоценозах сорных растений, вредителей и возбудителей болезней сельхозкультур.

АГРОЭКОЛОГИЯ, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННАЯ ЭКОЛОГИЯ – направление или раздел прикладной экологии, которая изучает влияние биоти-

СУДЫҢ САПАСЫН БАҚЫЛАУДЫҢ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖҮЙЕСІ – нақты объектідегі немесе өндірістік-технологиялық жүйедегі судың сапасы туралы мәліметтерді жинау, өңдеу мен берудің автоматтандырылған жүйесі. Мұнда судың сапасын тұрақты бақылау және судың сапасының белгіленген нормативтік көрсеткіштерден ауытқуы туралы оперативті (тез) мәлімет беру қамтамасыз етіледі.

АГРОАССОЦИАЦИЯ – құрамы және экологиялық жағдайлары ұқсас дақылды өсімдіктер (агроценоздар) тұқымдастары.

ӨСІМДІКТЕРДІ ҚОРҒАУДЫҢ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРІ – агробиоценоздарда арамшөптердің, зиянкестердің және ауылшаруашылық дақылдардың ауруын тудырығыштардың дамуын басу немесе жою үшін қолданылатын агротехникалық іс-шаралар жүйесі.

АГРОЭКОЛОГИЯ, АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЭКОЛОГИЯСЫ – биотикалық және абиотикалық факторлардың дақылды өсімдіктердің өнімді-

ческих и абиотических факторов на продуктивность культурных растений, структуру и динамику организмов, характерных для сельскохозяйственных полей, а также влияние агробиоценозов на жизнедеятельность выращиваемых растений.

АДАПТАЦИЯ – 1) приспособление строения и функций организмов к условиям среды; 2) приспособление органа или организма к изменениям среды; 3) эволюционно возникшее приспособление органов или организмов к условиям среды, характеризующееся изменением их внешних и внутренних особенностей.

АКВАТОРИЯ – водное пространство, ограниченное естественными, искусственными или условными границами.

АККЛИМАТИЗАЦИЯ – приспособление организмов к новым условиям существования, к новым биоценозам. Акклиматизация бывает природной (в результате миграции животных, переноса семян растений и т.п.) и искусственной (после интродукции животных и растений). Применительно к чело-

лігіне тигізетін әсерін, егін даласына тән организмдердің құрылымын және дамуын, сондай-ақ агробиоценоздарды өсірілетін өсімдіктерге тигізетін әсерін зерттейтін қолданбалы экология бөлімі немесе бағыты.

БЕЙІМДЕЛУ – 1) организмдердің құрылымы мен қызметінің орта жағдайға бейімделуі; 2) органның немесе организмнің орта өзгерістеріне бейімделуі; 3) органның немесе организмнің сыртқы және ішкі ерекшеліктерінің өзгеруімен сипатталатын эволюциялық пайда болуына байланысты орта жағдайларына бейімделуі.

АКВАТОРИЯ – табиғи, жасанды немесе шартты шекаралармен шектелген су кеңістігі.

ЖЕРСІНУ – организмдердің тіршілік етудің жаңа жағдайларына, жаңа биоценозға бейімделуі. Жерсінудің табиғи (жануарлардың миграциясы, өсімдік дәндерінің таралуы және т.б.) және жасанды (жануарлар мен өсімдіктердің жерсінюінен кейін) түрлері болады. Адамдарға қатысты жаңа климаттық жағ-

веку акклиматизация – приспособление к новым климатическим условиям.

АККОМОДАЦИЯ – 1) приспособление к изменениям среды; 2) постепенное приспособление органов, тканей или организмов к изменяющимся внешним условиям среды.

АККУМУЛЯЦИЯ ЗАГРЯЗНЯЮЩИХ ВЕЩЕСТВ – накопление в живых организмах и экосистемах химических веществ, загрязняющих среду. При движении стойких загрязняющих веществ по пищевым цепочкам могут создаваться многократно более высокие их концентрации, вплоть до особо опасных для существования и жизнедеятельности организмов.

АКСИОМА АДАПТИРОВАННОСТИ, ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ АКСИОМА, АКСИОМА ДАРВИНА – аксиома, согласно которой каждый организм или вид адаптируется к определенной, специфической для них совокупности условий существования, так называемой экологической нише.

АКТ О НАРУШЕНИИ ПРАВИЛ ОХРАНЫ ПРИРОДЫ –

дайларға бейімделу дегенді білдіреді.

АККОМОДАЦИЯ – 1) орта өзгерістеріне бейімделу; 2) органдардың, тіндердің немесе организмдердің өзгерген сыртқы орта жағдайларына біртіндеп бейімделуі.

ЛАСТАУШЫ ЗАТТЕКТЕРДІҢ АККУМУЛЯЦИЯСЫ (жинақталуы) – тірі организмдерде және экожүйелерде ортаны ластаушы заттектердің жинақталуы. Ыдырамайтын, күшті ластаушы заттектердің қоректік тізбектерден өтуі организмдердің тіршілігіне, тіпті олардың өмір сүруіне қауіпті деңгейден бірнеше есе көп шоғырлануына алып келуі мүмкін. **БЕЙІМДЕЛГЕНДІК АКСИОМАСЫ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКСИОМА, ДАРВИН АКСИОМАСЫ** – бұл аксиомаға сәйкес әр организм немесе түр белгілі бір, ерекше, экологиялық кеңістік деп аталатын өмір сүру жағдайына бейімделеді.

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗУ ТУРАЛЫ

документ, отражающий факт нарушения природоохранных норм и правил. Право составления такого акта имеют государственные инспектора по охране природы. Данный акт подтверждается органами охраны природы.

АКТИНОМОРФНЫЙ ЦВЕТОК – правильный, радиально (звездчато) симметричный цветок, т.е. цветок, через который можно провести не менее двух плоскостей симметрии.

АЛЛЕРГИЧЕСКОЕ ДЕЙСТВИЕ – способность веществ вызывать аллергическую реакцию.

АМПЛИФИКАЦИЯ – увеличение за счет внутренних ресурсов способности организма нейтрализовать воздействие окружающей среды.

АНАЛИЗ ВЛИЯНИЯ НА ОКРУЖАЮЩУЮ СРЕДУ (ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ) – раздел (аспект) проектного анализа, в котором оценивается влияние проекта на окружающую среду и определяются меры по нейтрализации или ограничению ущерба.

АКТ – табиғатты қорғау нормалары мен ережелерінің бұзылғанын көрсететін құжат. Мұндай акт жасауға мемлекеттік табиғат қорғау инспекторлары құқылы. Бұл актіні табиғатты қорғау органдары бекітеді.

АКТИНОМОРФТЫ ГҮЛ – дұрыс, радиалды (жұлдызшалы) симметриялы гүл, яғни бойымен симметрияның кемінде екі жазықтығын жүргізуге болатын гүл.

АЛЛЕРГИЯЛЫҚ ӘСЕР – заттектердің аллергиялық әсер тудыру қасиеті.

АМПЛИФИКАЦИЯ – ішкі ресурстардың есебінен организмнің қоршаған ортаның әсерлерін бейтараптандыру мүмкіндігінің артуы.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ТИГІЗЕР ӘСЕРІН ТАЛДАУ (ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АНАЛИЗ) – жобаның қоршаған ортаға тигізер әсерін бағалап, залалын бейтараптандыру немесе шектеу бойынша іс-шаралар белгіленетін жобалық талдаудың бір бөлімі (аспекті).

АНАЛИЗ ОПАСНОСТИ – выявление потенциальных событий, влекущих за собой реализацию опасности; анализ механизмов подобных событий, вероятности их возникновения; определение степени риска для общества.

АНАЛИЗ РИСКА – процесс определения угроз безопасности системы и отдельных ее компонентов, определения их характеристик и потенциального ущерба, а также разработка мер защиты.

АНАЭРОБНОЕ ДЫХАНИЕ – бескислородное дыхание, дыхание при отсутствии в окружающей среде свободного кислорода, протекающее во много раз медленнее, чем аэробное дыхание, если оценить выход энергии на единицу используемого субстрата.

АНОМАЛИЯ В СРЕДЕ – отклонение от нормы или среднего значения компонентов окружающей среды в ту или иную сторону, приводящее к качественным или количественным изменениям в жизни отдельных особей, популяции и

ҚАУІП-ҚАТЕРГЕ ТАЛДАУ ЖАСАУ – қауіп-қатердің болуына әкеліп соқтыратын ықтимал оқиғаларды анықтау, сондай оқиғалардың механизмдеріне, олардың пайда болу ықтималдығына талдау жасау, қоғам үшін қауіп деңгейін анықтау.

ҚАУІПКЕ ТАЛДАУ ЖАСАУ – жүйенің және оның жекелеген бөліктерінің қауіпсіздігіне төнетін қауіпті анықтау, олардың сипаттамасы мен ықтимал зиянын анықтау процесі, сондай-ақ қорғаныс шараларын әзірлеу.

АНАЭРОБТЫ ТЫНЫС АЛУ – пайдаланатын субстрат бірлігіне шаққандағы бөлінген қуатты есептегенде аэробты тыныс алудан гөрі бірнеше есе баяу жүретін, қоршаған ортада бос оттег болмаған жағдайдағы оттегісіз тыныс алу.

ҚОРШАҒАН ОРТАДАҒЫ АУЫТҚУ – жекелеген түрлер (особьтар), популяциялар және тұтастай организмдер қауымдас­тығының (биоценоздың) өміріндегі сапалық және сандық өзгерістерге алып келетін қоршаған орта компоненттерінің

сообщества организмов (биоценоза) в целом.

АНТРОПОГЕННАЯ ДИНАМИКА ЭКОСИСТЕМЫ – смена сообществ под влиянием антропогенной деятельности. Для такой смены сообществ присущ зачастую обратимый, но иногда и катастрофический (необратимый) характер.

АНТРОПОГЕННАЯ РАСТИТЕЛЬНОСТЬ – растительность, видовой и фитоценотический состав которой формируется в результате хозяйственной деятельности человека (антропогенной деятельности).

АНТРОПОГЕННАЯ РЕДУКЦИЯ БИОСФЕРЫ – обратимый процесс уменьшения видовой разнообразия биосферы, обусловленный разрушительной человеческой деятельностью (загрязнение окружающей среды, уничтожение лесов, распашка степей, перелов промысловых животных, неорганизованный туризм).

АНТРОПОГЕННОЕ (АНТРОПИЧЕСКОЕ) ВОЗДЕЙСТВИЕ НА ПРИРОДУ – воздействие, оказываемое челове-

тисті мөлшерден немесе орташа мәнінен арту не кему жағына қарай ауытқуы.

ЭКОЖҮЙЕНІҢ АНТРОПОГЕНДІК ДИНАМИКАСЫ – антропогендік әрекеттердің әсерінен қауымдастықтың алмасуы. Мұндай алмасудың көпшілігінде қалпына келетін, бірақ кейде апатты (қалпына келмейтін) сипаты болады.

АНТРОПОГЕНДІК ӨСІМДІК – түрі және фитоценотикалық құрамы адамның шаруашылық әрекеттері негізінде (антропогендік әрекет) қалыптасқан өсімдік.

БИОСФЕРАНЫҢ АНТРОПОГЕНДІК РЕДУКЦИЯСЫ – адамның зиянды іс-әрекетінің салдарынан (қоршаған ортаның ластануы, ормандардың жойылуы, далалық жерлердің жыртылуы, кәсіптік жануарларды жаппай аулау, ұйымдаспаған туризм) биосфераның түрлік саналуандығының толассыз кему процесі.

ТАБИҒАТҚА АНТРОПОГЕНДІК (АНТРОПИКАЛЫҚ) ӘСЕР ЕТУ – шаруашылық қызметі нәтижесінде адам-

ком на окружающую среду и её ресурсы в результате хозяйственной деятельности.

АНТРОПОГЕННОЕ ЗАГРЯЗНЕНИЕ АТМОСФЕРЫ – загрязнение атмосферы, обусловленное деятельностью человека.

АНТРОПОГЕННОЕ ИЗМЕНЕНИЕ ЛАНДШАФТА – изменение свойств ландшафта под влиянием антропогенных воздействий.

АНТРОПОГЕННЫЕ ВОЗДЕЙСТВИЯ – позитивные и негативные воздействия на природу, окружающую среду, населенный пункт, вызванные в результате различной формы влияния деятельности человека. В случае оказания негативного воздействия наступает необходимость применения природоохранных мер.

АНТРОПОГЕННЫЕ ЗАГРЯЗНИТЕЛИ – загрязнители, которые по своему происхождению связаны с деятельностью человека.

АНТРОПОГЕННЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ В ПРИРОДЕ – всевозможные изменения, которые возникают в окружающей природной среде в результате хозяйственной де-

ның қоршаған ортаға және оның қорларына тигізер әсері.

АТМОСФЕРАНЫҢ АНТРОПОГЕНДІК ЛАСТАНУЫ – атмосфераның антропогендік әрекеттер әсерінен ластануы.

ЛАНДШАФТЫҢ АНТРОПОГЕНДІК ӨЗГЕРУІ – ландшафт қасиеттерінің антропогендік әрекеттер әсерінен өзгеруі.

АНТРОПОГЕНДІК ӘСЕР ЕТУ – табиғатқа, қоршаған ортаға, елді мекенге адам қызметінің түрлі ықпал ету нәтижесінде туындаған оң және теріс әсер етулер. Теріс әсер тигізілген жағдайда табиғат қорғау шараларын қолдану қажеттігі туындайды

АНТРОПОГЕНДІК ЛАСТАУШЫЛАР – шығу тегі адам әрекетімен байланысты ластағыштар.

ТАБИҒАТТАҒЫ АНТРОПОГЕНДІК ӨЗГЕРІСТЕР – табиғи ортада адамның шаруашылық әрекетінің салдарынан пайда болатын әртүрлі өзгеріс-

ятельности человека (антропогенной деятельности). Антропогенные изменения в природе классифицируются как прямые, косвенные; негативные и благоприятные; преднамеренные, непреднамеренные; сопутствующие.

АНТРОПОГЕННЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ КЛИМАТА – изменения (в худшую сторону) климата под воздействием хозяйственной деятельности человека (интенсивный выброс CO₂ и др. газов, накапливающихся в атмосфере и поглощающих инфракрасное излучение, массовая вырубка леса, изменения в характере поверхности суши).

АНТРОПОГЕННЫЕ ИСТОЧНИКИ ЗАГРЯЗНЕНИЯ АТМОСФЕРЫ – источники загрязнения атмосферы в результате хозяйственной деятельности человека (антропогенной деятельности).

АНТРОПОГЕННЫЕ ФАКТОРЫ – движущие силы совершающихся в природной среде процессов, происхождение которых так или иначе связывается с антропогенной деятельностью и влиянием человека на окружающую природную среду.

тер. Табиғаттағы антропогендік өзгерістер тікелей, жанама; қолайлы және қолайсыз; алдын ала ойластырылған, кездейсоқ, қосалқы болып тапастырылады.

КЛИМАТТЫҢ АНТРОПОГЕНДІК ӨЗГЕРУІ – адамның шаруашылық қызметі әсерінен климаттың өзгеруі (теріс өзгерістер) (атмосферада жинақталып, инфрақызыл сәулелерді жұтатын CO₂ және басқа газдарды көп мөлшерде шығару, ормандарды жаппай отау, құрлық беті сипатының өзгеруі).

АТМОСФЕРАНЫ ЛАСТАУДЫҢ АНТРОПОГЕНДІК КӨЗДЕРІ – адамның шаруашылық әрекеті салдарынан (антропогендік әрекеттер) атмосфераны ластаушы көздер.

АНТРОПОГЕНДІК ФАКТОРЛАР – пайда болуы антропогендік әрекеттермен және адамның қоршаған табиғи ортаға әсерімен байланысты табиғи ортадағы процестердің қозғаушы күші.

АНТРОПОГЕЯ – совокупность экосистем, которые образуются в результате хозяйственной деятельности человека (антропогенной деятельности). При этом деятельность человека может быть созидательной или разрушительной.

АНТРОПОСФЕРА – сфера Земли и ближайший космос до тех пределов, до которых простирается человеческая деятельность.

АНТРОПОФИЛЫ – животные, которые обитают вблизи человека (воробей, мышь и др.).

АНТРОПОФИТЫ – растения, которые введены человеком в состав флоры определенной местности. В основном антропофиты относятся к синантропным видам инородного происхождения.

АНТРОПОФОБЫ – растения, которые не выносят интенсивной, усиленной пастбы, сенокосения и др.

АНТРОПОХОРЫ – растения, которые распространяются человеком преднамеренно или невольно. Антропохоры относятся к большой группе аллохоров в целом.

АНТРОПОГЕЯ – адамның шаруашылық әрекеттері (антропогендік әрекеттер) нәтижесінде пайда болатын экожүйелер жиынтығы. Мұнда адамның әрекеті жасампаз немесе талқандаушы болуы мүмкін.

АНТРОПОСФЕРА – Жер және адам әрекеті жайылған шекке дейінгі таяу ғарыш сферасы.

АНТРОПОФИЛДЕР – адаммен қатар (жақын) тіршілік ететін жануарлар (торғай, тышқан және т.б.)

АНТРОПОФИТТЕР – белгілі бір жер флорасының құрамына адам ендірген өсімдіктер. Антропофиттерге негізінен Жерден тыс пайда болған синантропты түрлер жатқызылады.

АНТРОФОБТАР – үздіксіз мал жаюға, шөп шабуға және т.б. төзбейтін өсімдіктер.

АНТРОПОХОРЛАР – адам ойластырып немесе кездейсоқ жағдайларда тарататын өсімдіктер. Антропохорлар жалпы аллохорлардың үлкен тобына жатады.

АНТРОПОЦЕНОЛОГИЯ – научная дисциплина, которая изучает взаимоотношения сообществ людей с окружающей природной средой, в основном, в узкорегиональных масштабах.

АНТРОПОЭКОЛОГИЯ – раздел экологии, изучающий взаимодействие человечества как части биосферы Земли с остальной ее частью, называемой средой, имеющей целью формулирование условий, обеспечивающих выбор такой стратегии развития человечества, которая позволит ему найти цивилизованный выход человечества, созданного его собственными неконтролируемыми действиями в течение двух последних столетий.

АНТРОПОЭКОЛОГИЯ, КОСМИЧЕСКАЯ – раздел экологии человека, исследующий фундаментальные и научно-технические проблемы, обусловленные пребыванием человека в условиях космоса, в целях наиболее эффективного осуществления жизнеобеспечения космонавтов (астронавтов).

АНТРОПОЦЕНОЛОГИЯ – адамдар қауымдастығының қоршаған табиғи ортамен қарым-қатынасын, негізінен өңірлік масштабта ғана зерттейтін ғылыми пән.

АНТРОПОЭКОЛОГИЯ – Жер биосферасының бір бөлшегі ретіндегі адамның қоршаған орта деп аталатын биосфераның басқа бөліктерімен әрекеттесуін зерттейтін және соңғы екі ғасырдағы адамзаттың өзінің бақылаусыз іс-әрекеттері нәтижесінде қалыптасқан жағдайдан өркениетті түрде шығуына мүмкіндік беретін адамзат дамуының стратегиясын таңдауды қамтамасыз ететін жағдайлар жасауды мақсат тұтатын экологияның бір бөлімі.

ҒАРЫШТЫҚ АНТРОПОЭКОЛОГИЯ – ғарышқа адамның шығуы себепті, ғарышкерлердің (астронавтардың) тіршілік әрекеттерін тиімді қамтамасыз ету мақсатында іргелі және ғылыми-техникалық мәселелерді зерттейтін адам экологиясының бөлімі.

АНТРОПОЭКОСИСТЕМА, ТЕРРИТОРИАЛЬНАЯ – связанная к конкретному пространству и времени функционирования экологическая система, в условиях которой человек является основным звеном, а все остальные ее элементы представляют окружающую его среду. Понятие "территориальная антропоэкосистема" используется при исследовании связей качества жизни с состоянием и качеством окружающей среды.

АНТЭКОЛОГИЯ – экология цветка и растения, которая является разделом аутэкологии. Так, изучение продуцирования нектара и пыльцы в соответствующую фенологическую фазу относится к одной из задач антэкологических исследований.

АРБОРИЦИД (от лат. arbor – дерево и ...цид) – химическое вещество, предназначенное для уничтожения нежелательной древесной или кустарниковой растительности.

АРИДНЫЙ КЛИМАТ (от лат. aridus – сухой) – сухой климат, при котором испарение преоб-

АУМАҚТЫҚ АНТРОПОЭКОЖҮЙЕ – ең негізгісі адам, ал басқалары оны қоршаған орта болып табылатын жағдайда нақты кеңістік пен уақытқа байланысты қызмет ететін экологиялық жүйе. "Аумақтың антропоэкожүйе" ұғымы өмір сапасын қоршаған ортаның сапасымен және күйімен байланысты зерттеулерде кең қолданыс тапты.

АНТЭКОЛОГИЯ – аутэкологияның бөлімі болып табылатын өсімдік және гүл экологиясы. Мысалы, шірне және тозаң өнуінің тиісті фенологиялық фазасындағы зерттеу экологиялық зерттеулер міндеттерінің бірі болып табылады.

АРБОРИЦИД (латын тілінен – arbor – ағаш және ...цид) – қажет емес ағаштарды немесе бұталы өсімдіктерді жоюға арналған химиялық заттек.

АРИДТЫ КЛИМАТ (латын тіл. aridus – құрғақ) – булану жауын-шашыннан асып түсетін

ладает над осадками. Характерен для пустынь, полупустынь.

АССИМИЛЯЦИОННАЯ ЕМКОСТЬ ЭКОСИСТЕМЫ

– показатель максимальной вместимости количества токсикантов, которое может быть в единицу времени накоплено, трансформировано и выведено за пределы экосистемы без нарушения ее нормального функционирования.

АССИМИЛЯЦИОННАЯ ЁМКОСТЬ ЭКОСИСТЕМЫ

– показатель максимальной динамической вместимости количества токсикантов, которое может быть за единицу времени накоплено, разрушено, трансформировано и выведено за пределы объема экосистемы без нарушения ее нормальной деятельности.

АССИМИЛЯЦИОННЫЙ КОЭФФИЦИЕНТ

– отношение поглощенного кислорода при дыхании организмов к выделенной при этом двуокиси углерода.

АТМОСФЕРА ЗЕМЛИ (от греч. *atmos* – пар и *sphaira* – шар) – газовая оболочка Земли, связанная с ней силой тяжести и

күрғақ климат. Шөл және шөлейтті жерлерге тән.

ЭКОЖҮЙЕНІҢ АССИМИЛЯЦИЯЛЫҚ СЫЙЫМДЫ-

ЛЫҒЫ – экожүйенің қалыпты қызметін бұзбай, белгілі мерзім бірлігінде токсиканттарды жинап, өзгертіп, экожүйе шегіне шығару мүмкіндігінің ең жоғары (максималды) көрсеткіші.

ЭКОЖҮЙЕНІҢ АССИМИЛЯЦИЯЛЫҚ СЫЙЫМДЫ-

ЛЫҒЫ – экожүйенің қалыпты қызметін бұзбай, уақыт бірлігі ішінде жинақталып, бұзылып, тасымалданып және экожүйе ауқымынан тыс шығарылуы мүмкін токсиканттар санының ең жоғары динамикалық сыйымдылығының көрсеткіші.

АССИМИЛЯЦИЯЛЫҚ КОЭФФИЦИЕНТ

– организмдердің тыныс алуы кезінде жұтылатын оттектің көмірқышқыл газына қатынасы.

ЖЕР АТМОСФЕРАСЫ (грек тілінен – *atmos* – бу және *sphaira* – шар) – Жермен ауырлық күші арқылы байланысатын, оның

принимающая участие в ее суточном и годовом вращении.

АТМОСФЕРНАЯ ДИФФУЗИЯ, ВИХРЕВАЯ ДИФФУЗИЯ – неупорядоченное перемещение воздуха с находящимися в нем примесями, обусловленное турбулентностью атмосферы.

АТМОСФЕРНОЕ ДАВЛЕНИЕ – давление, оказываемое атмосферой на все находящиеся в ней предметы и на земную поверхность.

АТМОСФЕРНОЕ ИЗЛУЧЕНИЕ, АТМОСФЕРНАЯ РАДИАЦИЯ – собственное инфракрасное излучение атмосферы и облаков в пределах длин волн от 4 до 120 мкм. Различают атмосферные излучения, атмосферные радиаций: а) направленное в сторону космического пространства, т.е. уходящая длинноволновая радиация и б) направленное к земной поверхности, т.е. встречное излучение.

АТМОСФЕРНЫЙ ВОЗДУХ – жизненно важный компонент окружающей природной среды, представляющий собой ес-

тәуліктік және жылдық айналуына қатысатын Жердің сыртындағы газ қабаты.

АТМОСФЕРАЛЫҚ ДИФФУЗИЯ, ҚҰЙЫН ДИФФУЗИЯСЫ – атмосферадағы турбуленттік құбылыс салдарынан ауаның ондағы қосындыларымен бірге ретсіз қозғалысы.

АТМОСФЕРАЛЫҚ ҚЫСЫМ – атмосферадағы барлық заттектер мен жер бетіне атмосферадан берілетін қысым.

АТМОСФЕРАЛЫҚ СӘУЛЕЛЕНУ, АТМОСФЕРАЛЫҚ РАДИАЦИЯ – толқын ұзындығы 4-120 мкм шегінде болатын атмосферадан және бұлттан инфрақызыл сәулелену. Атмосфералық сәулелену: а) ғарыш кеңістігіне бағытталған ұзын толқын, яғни ұзын толқынды болып кететін радиация және ә) жер бетіне бағытталған, яғни қарсы радиация болып бөлінеді.

АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА – тұрғын, өндірістік және басқа да үй-жайлардан тыс жерлердегі атмосфера газдарының қосын-

тественную смесь газов атмосферы, находящуюся за пределами жилых, производственных и иных помещений.

АТТРАКТИВНОСТЬ СРЕДЫ – избирательность среды, экопреферендум, совокупность свойств и признаков окружающей среды, благодаря которым живые организмы оказывают предпочтение тому или иному местообитанию при поиске пищи, места размножения, укрытия и др. или нескольких целей одновременно.

АУТЭКОЛОГИЯ – раздел экологии, который изучает видовые особенности реагирования отдельных организмов или их популяций, составляющих часть биоценоза, на факторы окружающей среды и жизнестойкость вида.

АЭРАЦИЯ – искусственное насыщение воздухом различных сред: почвы, воды и др.

АЭРОБИОС – совокупность организмов, которые населяют сушу.

АЭРОМЕТОДЫ В СФЕРЕ ПРИРОДОПОЛЬЗОВАНИЯ – методы исследования и картографирования природных ландшафтов.

дыларынан тұратын қоршаған табиғи ортаның өмірлік маңызы құрамдас бөлігі.

ОРТАНЫҢ АТТРАКТИВТІЛІГІ – ортаның талғампаздығы, экопреферендум, тірі организмдер тағам іздеу, көбею және жасырынуға лайықты және т.б. жерді немесе бірнеше мақсатқа бірдей жарамды тіршілік ортасын таңдауына ықпал ететін қоршаған ортаның қасиеттері мен сипаттарының жиынтығы.

АУТЭКОЛОГИЯ – экологияның биоценоздың бір бөлігін құрайтын кейбір организмдердің немесе популяцияның қоршаған ортаның факторларына және түрдің тіршілік жағдайында әсерлерін зерттейтін бөлімі.

АЭРАЦИЯ – әртүрлі ортаны: топырақты, суды және т.б. қолдан ауамен қанықтыру.

АЭРОБИОС – құрлықта тіршілік ететін организмдер жиынтығы.

ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ АЭРО-ӘДІСТЕР – авиация техникасын қолдана отырып, табиғи

дшафтов, ресурсов и др. природных объектов и явлений с применением авиационной техники.

АЭРОСФЕРА (от аэро... и греч. *sphaira* – шар) – земная оболочка, состоящая из надземной атмосферы и приземной тропосферы, в том числе почвенного воздуха.

АЭРОТЕХНОГЕННОЕ ЗАГРЯЗНЕНИЕ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ – загрязнение окружающей среды выбросами в атмосферу токсических веществ: окислов азота, серы, аммиака и др.

АЭРОТОП (от аэро... и греч. *topos* – место) – внутренняя атмосфера экосистемы, представляющая собой часть приземного слоя воздуха, состав и режим которого находятся под непосредственным и определяющим воздействием внутренних компонентов экосистемы, прежде всего растительности и почвы.

АЭРОФИТЫ (от аэро... и ...фит(ы)) – 1) растения, нуждающиеся в хорошо аэрируемой почве; 2) растения, все органы которых находятся в воздухе; 3) растительные организмы, получаю-

ланшафтарды, ресурстарды және т.б. табиғи объектілер мен құбылыстарды зерттеу және картаға түсіру әдістері.

АЭРОСФЕРА (аэро... және грек тілінен – *sphaira* – шар) – жерүстілік атмосфера мен жердің тропосферасынан, оның ішінде топырақтағы ауада бар, тұратын жердің қабаты.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ АЭРОТЕХНОГЕНДІК ЛАСТАНУЫ – қоршаған ортаның атмосфераға улы заттектердің, мысалы: азот тотығының, күкірттің, аммиактың және т.б. шығарылып ластануы.

АЭРОТОП (аэро... және грек тілінен – *topos* – орын) – экожүйенің ішкі атмосферасы, құрамы мен режимі экожүйенің ішкі құрамдас бөліктерінің, ең алдымен өсімдіктер мен топырақтың, тікелей және анықтаушы әсерінің ықпалында болатын ауаның жер бетілік қабатының бір бөлігі.

АЭРОФИТТЕР (аэро... және ...фит(тер)) – 1) ауа жеткілікті сінген топырақты қажетсінетін өсімдіктер; 2) барлық органдары ауада болатын өсімдіктер; 3) барлық негізгі қоректік заттек-

щие все основные питательные вещества только из воздуха (например, некоторые эпифиты из орхидных и бромелиевых, отдельные лишайники и др.); обитают преимущественно на стволах, ветвях и листьях деревьев.

терді тек қана ауадан алатын өсімдіктер (мысалы, кейбір орхидтік бромелдік эпифиттер, кейбір қыналар және т.б.); негізінен ағаштардың діңгегінде, бұтақтарында, жапырақтарында болады.

Б

БАЛАНС ЭКОЛОГИЧЕСКИХ КОМПОНЕНТОВ – количественное сочетание экологических компонентов (энергии, газов, воды, субстратов, растений, животных и микроорганизмов), обеспечивающее экологическое равновесие, результатом чего является формирование и поддержание экосистемы определенного типа. Изменение количества одного из компонентов ведет к смещению равновесия.

БАРИФИЛЫ (от греч. *barus* – тяжесть и ...*фил(ы)*) – виды, обитающие в средах с высоким гидростатическим давлением (бактерии абиссальных и ультраабиссальных зон, нефтеносных слоев и др.).

БАРИФОБЫ (от греч. *barus* – тяжесть и ...*фоб(ы)*) – организ-

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КОМПОНЕНТТЕРДІҢ БАЛАНСЫ – нәтижесінде белгілі бір түрдің экожүйесі қалыптастырылатын және қолдау көретін, экологиялық тепе-теңдікті қамтамасыз ететін экологиялық құраушылардың (энергия, газдар, су, субстраттар, өсімдіктер, жануарлар мен микроорганизмдердің) сандық сәйкестігі. Компоненттердің бірінің санының өзгеруі тепе-теңдікті бұзады.

БАРИФИЛДЕР (грек тіл. *barus* – ауырлық, салмақ және ...*фил(дер)*) – гидростатикалық қысымы жоғары орталарда тіршілік ететін түрлер (абиссалды және ультраабиссалды аймақтар, мұнайлы қабаттар бактериялары және т.б.)

БАРИФОБТАР (грек тіл. *barus* – ауырлық, салмақ және...*фоб-*

мы (растения, животные), живущие в местах с низким давлением среды (обитатели высокогорий и др.).

БАРОЧУВСТВИТЕЛЬНОСТЬ – характеристика чувствительности живых организмов к изменению (колебанию) атмосферного давления. Характерное поведение при изменении погоды различных животных, растений: ворон, соек, лягушек, муравьев, медицинских пиявок, дубов и т.д. объясняется барочувствительностью.

БЕДСТВИЕ – разрушительное явление, вследствие которого возникла чрезвычайная ситуация.

БЕЗАЛЬТЕРНАТИВНЫЕ ИСТОЧНИКИ ПИТЬЕВОГО ВОДОСНАБЖЕНИЯ – единственные для водопотребителей источники питьевого водоснабжения, замена которых невозможна и нецелесообразна.

БЕЗВОЗРАТНЫЕ ОТХОДЫ ПРОИЗВОДСТВА – отходы, которые при данном уровне научно-технического развития не могут быть использованы в производстве. К безвозвратным отходам производствен-

(тар)) – органы қысымы төмен жерлерде (биік таулы жерлерде) тіршілік ететін организмдер (өсімдіктер, жануарлар)

БАРОСЕЗІМТАЛДЫҚ – атмосфералық қысымның өзгерістеріне тірі организмдердің сезімталдық қасиеті. Ауа райы өзгергенде әртүрлі жануарлар мен өсімдіктердің: қарғаның, жорға торғайдың, бақаның, құмырсқаның, сүліктің, еменнің, талдың және т.б. өздеріне тән өзгеруі баросезімталдыққа байланысты.

ЗІЛЗАЛА – төтенше жағдайдың пайда болуына әкеліп соққан жойқын құбылыс.

АУЫЗСУМЕН ЖАБДЫҚТАУДЫҢ БАЛАМАСЫЗ КӨЗДЕРІ – су тұтынушылар үшін ауызсумен жабдықтаудың олардың ауыстырылуы мүмкін емес және мақсатқа сай келмейтін бірден-бір көздері.

ӨНДІРІСТІҢ ҚАЙТАРЫМСЫЗ ҚАЛДЫҚТАРЫ – ғылыми-техникалық дамудың қазіргі деңгейінде өндірісте пайдалануға болмайтын қалдықтар. Өндірістік-шаруашылық әрекеттердің қайтарымсыз қал-

но-хозяйственной деятельности относятся и технологические потери, в частности, усушка, угар, улетучивание и др.

БЕЗОПАСНОСТЬ – состояние защищенности жизненно важных интересов личности, общества и государства от внутренних и внешних угроз.

Безопасность является важнейшей потребностью человека наряду с его потребностью в пище, воде, одежде, жилище, информации. Эта общенаучная категория выступает интегральной формой выражения жизнеспособности и жизнестойкости различных объектов конкретного мира во внутренней и внешней политике, обороне, экономике, экологии, социальной политике, здоровье народа, информатике, технологии и т.п.

БЕЗОПАСНОСТЬ, БИОЛОГИЧЕСКАЯ – состояние защищенности людей, сельскохозяйственных животных и растений, окружающей природной среды от опасностей, вызванных или вызываемых источником биолого-социальной чрезвычайной ситуаций.

дыктарға технологиялық ысыраптар, оның ішінде кебу, күйік, ұшып кету және т.б. жатады.

ҚАУІПСІЗДІК – адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерінің ішкі және сыртқы қауіптен қорғалуының жай-күйі.

Қауіпсіздік адамның тамақты, суды, киім-кешекті, тұрғын үйді, ақпаратты қажет ететіні сияқты аса маңызды қажеттілік болып табылады. Бұл жалпы ғылыми категория нақты дүниенің түрлі объектілерінің ішкі және сыртқы саясаттағы, қорғаныстағы, экономикадағы, экологиядағы, әлеуметтік саясаттағы, халық денсаулығындағы, информатикадағы, технологиядағы және т.б. өмірге қабілеттілігі мен өміршеңдігін бейнелеудің интегралды нысанын білдіреді.

БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК – адамдардың, ауылшаруашылық жануарлары мен өсімдіктердің, қоршаған табиғи ортаның биологиялық-әлеуметтік төтенше жағдайлар туғызған немесе туғызатын қауіп-қатерден қорғалуының жай-күйі.

БЕЗОПАСНОСТЬ ВОДОХОЗЯЙСТВЕННЫХ СИСТЕМ И СООРУЖЕНИЙ

– свойства элементов водохозяйственных систем, сооружений, позволяющих обеспечивать защиту жизни, здоровья и законных интересов людей, окружающей среды и хозяйственных объектов.

БЕЗОПАСНОСТЬ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ

– состояние защищенности окружающей среды от вредных антропогенных и природных воздействий.

БЕЗОПАСНОСТЬ, ПРОМЫШЛЕННАЯ

– состояние защищенности физических и юридических лиц, окружающей среды от аварий на опасных производственных объектах и последствий указанных аварий.

БЕЗОПАСНОСТЬ, ХИМИЧЕСКАЯ

– состояние, при котором путем соблюдения правовых норм и санитарно-гигиенических правил, выполнения технологических и инженерно-технических требований, а также проведения соответствующих организационных и специ-

СУШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖҮЙЕЛЕРІ МЕН ҒИМАРАТТАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

– сушаруашылығы жүйелері, ғимараттары элементтерінің адамдардың өмірін, денсаулығын және заңды мүдделерін, қоршаған табиғи орта мен шаруашылық объектілерін қорғауды қамтамасыз ететін өзіндік ерекшеліктері.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

– қоршаған ортаның зиянды антропогендік және табиғи әсерлерден қорғалуының жай-күйі.

ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК

– жеке және заңды тұлғалардың, қоршаған ортаның қауіпті өндірістік объектілердегі авариялардан және аталған авариялардың салдарларынан қорғалуының жай-күйі.

ХИМИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

– құқықтық нормалар мен санитариялық-гигиеналық ережелерді сақтау, техникалық және инженерлік-техникалық талаптарды орындау, сондай-ақ тиісті ұйымдастырушылық және арнайы іс-шараларды жүргізу арқылы химиялық улану және

альных мероприятий исключаются условия для химического заражения или поражения людей, сельскохозяйственных животных и растений, загрязнения окружающей природной среды опасными химическими веществами в случае возникновения химической аварии.

БЕЗОТХОДНАЯ ТЕХНОЛОГИЯ – совокупность технологических средств и процессов, обуславливающих максимально полное использование в процессе производства топливо-энергетических и сырьевых ресурсов без образования отходов, вредных для окружающей среды и здоровья людей.

БЕССРОЧНЫЙ ЗАКАЗНИК – заказник, созданный без указания срока функционирования на длительный период.

БЕССТОЧНОЕ ПРОИЗВОДСТВО – производство, основанное на сочетании технологий, практически исключающих сбросы сточных вод в окружающую среду.

БЕСТРУБНАЯ ТЕХНОЛОГИЯ – технология, для которой характерно отсутствие выбросов газов в окружающую среду.

адамдардың, ауылшаруашылық жануарлары мен өсімдіктердің тіршілігіне қауіп туғызатын жағдайларды болдырмау, сондай-ақ химиялық апат болған кезде қоршаған табиғи ортаның қауіпті химиялық заттектермен ластануын болдырмау.

ҚАЛДЫҚСЫЗ ТЕХНОЛОГИЯ – өндіріс процесінде отын-энергетикалық және шикізаттық ресурстарды мейлінше толық пайдалануды, адамдардың денсаулығына, қоршаған ортаға зиянды қалдықтардың шығарылмауын қамтамасыз ететін технологиялық құралдар мен процестер жиынтығы.

МЕРЗІМСІЗ ҚОРЫҚ – қызмет ету мерзімі көрсетілмей, ұзақ мерзімге құрылған қорық.

АҒЫНСЫЗ ӨНДІРІС – қоршаған ортаға ағын су шығармайтын технологияларға негізделген өндіріс.

МҰРЖАСЫЗ ТЕХНОЛОГИЯ – қоршаған ортаға газ шығармайтын технология.

БИОГЕОЦЕНОГЕНЕЗ (от биогеоценоз и ...генез) – процесс развития биогеоценоза в целом под влиянием внутренних и внешних факторов.

БИОГЕОЦЕНОЗ (от био..., гео... и ...ценоз), геобиоценоз, экоценоз (Kassas, Girgis, 1965), биоэкос (Нестеров, 1975), ценоэкосистема (Быков, 1970), геоэкосистема (Сочава, 1970), геоэкобиота (Герасимов, 1973), биценоз (Иоганзен, 1971) – совокупность на известном протяжении земной поверхности однородных природных явлений (атмосферы, горной породы, почвы и гидрологических условий, растительности, животного мира и мира микроорганизмов), имеющая свою, особую специфику взаимодействий этих слагающих ее компонентов и определенный тип обмена веществом и энергией их между собой и другими явлениями природы, представляющая собой внутренне противоречивое диалектическое единство, находящееся в постоянном движении, развитии (В.Н.Сукачев (1971)).

БИОГИДРОСФЕРА (от био... и гидросфера) – гидробиос, уча-

БИОГЕОЦЕНОГЕНЕЗ (биогеоценоз және ...генез) – тұтас биогеоценоздың сыртқы және ішкі факторлар әсерінен даму процесі.

БИОГЕОЦЕНОЗ (био..., гео... және ...ценоз), геобиоценоз, экоценоз (Kassas, Girgis, 1965), биоэкос (Нестеров, 1975), ценоэкожүйе (Быков, 1970), геоэкожүйе (Сочава, 1970), геоэкобиота (Герасимов, 1973), биценоз (Иоганзен, 1971) – жер бетінің белгілі бір қашықтығындағы бір текті табиғи құбылыстардың (атмосфераның, тау жыныстарының, топырақ пен гидрологиялық жағдайлардың және микроорганизмдер әлемінің) жиынтығы, құрамындағы құрастырушылардың өзара әрекеттесуінің өзіндік ерекше сипаты мен олардың өзара және табиғаттың басқа да құбылыстарымен заттек және энергия алмасуы белгілі бір түрде жүретін, ұдайы қозғалыста, дамуда болатын іштей қайшылықты диалектикалық бірлестігі (В.Н.Сукачев (1971)).

БИОГИДРОСФЕРА (био... және гидросфера) – гидробиос,

сток биосферы, лежащий в пределах водной оболочки Земли.

БИОГИДРОЦЕНОЗ (от био..., гидро... и ...ценоз) – единство сообщества гидробионтов и окружающей их среды.

БИОДЕГРАДАЦИЯ (от био... и лат. degradatio – понижение) – процесс разложения различных компонентов в окружающей среде (химические вещества, предметы) под воздействием живых организмов – в первую очередь микроорганизмов.

БИОИНДИКАЦИЯ – оценка качества среды и направлений ее изменения по обитающим в данной среде организмам. Для учета изменения среды под действием антропогенного фактора составляются списки индикаторных организмов.

